



6+

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым

Ардагерлермен жарқын жүздесу

«Ұстазды алтын діңгекке балар едім»

Ы.Алтынсарин



Білім беру саласының дамуына зор үлес қосқан ардагер ұстаздар Қабаш Жүнісұлы Жүнісов пен (оның жұбайы) Мира Салауатқызы Салауатова 80 жасқа, Рис Ибрагимқызы Бисенова 70 жасқа толуына орай, аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен ардагер ұстаздардың еңбектерін бағалау, өнегелі өмір жолдарынан үлгі алу, тәжірибелерін насихаттау мақсатында «Ардагерлермен жарқын жүздесу» тақырыбында кездесу кеші оздырылды.

Саналы құмырларын мектеп қабырғасында өткізген ұстаздарға құрмет көрсету шарасы әлі де жалғасын табуда. Олар сан мыңдаған шәкіртке білім беріп, талай жас маманға бағыт-бағдар сыйтеді. Бүгінгі күні олардың түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы қызмет атқарып, ел дамуына өз үлестерін қосуда.

Ұстаздық тәжірибелерінде мыңдаған шәкірттерді білім баспалдағымен шыңға өрлеткен парасатты ұстаздарымыз

өнегелі өмірі мен еңбек жолдарынан сыр шертіп, сондай-ақ қазіргі таңда аудан, облыс, республика көлемінде жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада, ауыл мектептері оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада, республикалық «Зерде» ғылыми зерттеу жобасы, «Жас дарын» музыка байқауы, спорттық сайыстарда оқушылар мен мұғалімдердің жеткен жетістіктерін ақпарат беттерінен оқып, әлеуметтік желіден көргендерін айтып, ризашылықтарын білдіріп, ізгі тілектерін жеткізді.



Аудандық білім беру бөлімінің басшысы Асхат Хамитұлы Молдағалиев ардагерлерді мерейлі жастарымен құттықтап, жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі, «Қазақ КСР-і халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері Қабаш Жүнісұлына шапан жауып, жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі, «Қазақ КСР-і халық ағарту ісінің үздігі» Рис Ибрагимқызына ақ жаулық тарту етті.



Өріптес, замандас болған, ұжымда абыройлы еңбек атқарып, зейнеткерлік жасқа шыққан, бүгінде еңбек демалысында отырған тәжірибелі ардагер ұстаздар, аудандық білім беру бөлімінің ардагерлер кеңесінің төрайымы Дина Сапашева мен ардагерлер кеңесінің ұйымдастыру, жетекшісі Гүлнар Хаирлиева ұстаздардың жас ұрпаққа сапалы білім берудегі рөлін атап өтті. Білім беру бөлімінің әдіскері Маркс Нуфтағалиев ұстаздарға Бауыржан Момышұлының сөзімен жүрекжарды тілегін жеткізді.

Т.Жароков атындағы ЖББОМ-нің оқушылары мен мұғалімі Нәсіп Қадралиева ән-шашуымен кештің көркін қыздырды.

Кеш соңында Жәнібек ауданының «Құрметті азаматы» Қабаш Жүнісұлы бата беріп, шараны түйіндеді. Ұстазға құрмет – адамзатқа міндет. Ел мүддесін жоғары қойған ардагер ұстаздарды ұлықтау – біздің басты парызымыз.

Толқын Кисекова,
аудандық білім беру бөлімінің
әдіскері, штаттан тыс тілші
Жәнібек ауданы

Аудан мектептерінде

Жарқын елдің шамшырағы – жас маман

Қазіргі білім беру кеңістігінде жас мамандармен атқарылатын әдістемелік қызмет өз өзектілігін жойған емес. Осы орайда, Орал қаласындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде сәуір айында «Жарқын елдің шамшырағы – жас маман» тақырыбында жас мамандарға арналған байқау өтті. Байқаудың мақсаты: жас мамандарды іскерлікке, өз кәсібін үлкен жауапкершілікпен қарауға баулу; жас мамандардың педагогикалық тәжірибелерімен бөлісу тәсілдерін, біліктіліктерін арттырып, ғылыми қабілеттілігін жетілдіру; мектептің жас мұғалімдерінің шығармашылықтарын, жұмыс істеу қабілеттерін анықтау; жас мамандардың кәсіби мәртебесін көтеру және қолдау.

Байқауға мектебіміздің 6 жас маманы қатысты. Мұғалімдік қызметтің бастауында тұрып, жас ұстаздарымыз өздерінің жаңашылдықтарын, іскерліктерін, мамандықтарына деген қызығушылықтарын көрсете алды. Байқау 3 кезеңнен тұрды: 1 кезең: «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» таныстырылым, 2 кезең: Жас маман портфолиосы, 3 кезең: Сабақтар шеруі. Әр кезең барысында жас мамандарымызды жаңа бір қырынан таны түстік. Жас мамандарымыздың бойынан жеке көзқарастарын жеткізе алу шеберліктері, қазіргі сабақ берудегі өзіндік қалыптасқан ойлау жүйелері,



жаңашыл идея ұсына отырып, оқушыға білім берудің жаңаша әдіс-тәсілдерін меңгерудегі талғампаздықтары байқалды. Жасанды интеллект білім берудің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқаны сөзсіз өз сабақтарында жас мамандарымыз жасанды интеллект мүмкіндіктерін де орынды қолдана алды.

Байқау барысында қазылар және мектеп мұғалімдері жас мамандардан оқу үдерісінде қажет, үйренетін әдіс-тәсілдер көп екендігін атап өтті. Қазіргі білім саласындағы жас мамандарымыздың бойындағы ашықтық, кез-келген жаңашылдық пен өзгерістерге тез бейімделгіштік қабілеттері оларды алдыңғы буын ұстаздардан ерекшеліп тұратындығы даусыз. Байқау қорытындысында мектебіміздің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, БҚМУ түлегі Г. Амангельдиева, химия пәні мұғалімі

С.Халилова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Исаева жүлделі орындарға ие болып, дипломдармен марапатталса, ағылшын тілі мұғалімі А.Мукаева, география пәні мұғалімі Н.Габдолова, дене шынықтыру пәні мұғалімі Қ. Ерболатов алғыс хаттармен марапатталды.

Әр маман иесі өз саласындағы жетістіктерді саралап, заман талабына сай, жаңа инновацияны жетік менгеріп, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Ал соның ішінде педагогикалық қызмет әрқес оқу, ізденуді қажет етеді. Мектебіміздің қалыптасу кезеңіндегі барлық жаңа бастамаларда жастардың орны ерекше. Жарқын болашақ білімі мен білігі толысқан, ұлтының терең тарихы мен бай тілінен сусындаған, ойы озық, өрісі кең, рухы биік, талабы таудай жастардың қолында! Білім бәсекесіне бейім шәкірттер тәрбиелеуде жас мамандарымыз әрқес жаңалықтың жаршысы бола біледі деген үміттеміз.

Бибигуль Альмуханова,
№31 ЖББОМ,
директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары,
Орал қаласы

Принимаются материалы к республиканскому конкурсу «Панорама педагогических идей – 2025»

В конкурсе могут участвовать педагогические работники организаций дошкольного, среднего, дополнительного, технического и профессионального, а также послесреднего образования со всех регионов нашей страны. Победители получают возможность принять участие в Международном фестивале педагогического мастерства стран СНГ. Кроме того, результаты конкурса будут учитываться при аттестации педагогов.

Конкурсные работы принимаются по следующим 7 направлениям:

Читательская грамотность
Математическая грамотность
Естественнонаучная грамотность
Цифровая грамотность
Экологическая грамотность
Межкультурная грамотность
Финансовая грамотность

В этом году в условиях конкурса произошли частичные изменения. Для прохождения регионального этапа подготовка видеоматериала не является обязательной. На первом этапе участнику необходимо представить письменное описание содержания и актуальности своей работы. А вот после выхода на республиканский этап необходимо представить педагогическую идею в виде видеоматериала.

Условия участия:

Каждый участник может подать только одну работу по одному из направлений;

Работа должна содержать авторскую методическую идею;

Материалы должны быть ранее не опубликованными, подготовленными лично участником;

Работа не должна участвовать в других конкурсах, не заимствована из интернета, не нарушает авторские права третьих лиц и соответствует законодательству Республики Казахстан.

Лучшие работы будут включены в республиканскую базу передовых педагогических практик.

Работы могут быть представлены на казахском, русском и английском языках.

Заявки на участие в региональном этапе конкурса принимаются на сайте <https://ppi.orleu-edu.kz> в период с 1 июня по 1 сентября.

Тренинг

Жақсы көңіл-күй жанға қуат



мосферасын құруға көмектеседі. Ойынның негізгі мақсаты – бір-біріне қуаныш сыйлап, жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

II. Мектепке дейінгі біртұтас тәрбие баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды кезең болып табылады. Бұл кезеңде баланың рухани, моральдық, интеллектуалдық, дене және эстетикалық дамуы жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі біртұтас тәрбие баланың барлық қабілеттерін дамытып, оны болашақ өмірге дайындауға бағытталған.

Мектепке дейінгі біртұтас тәрбие баланың болашақтағы табысты және



бақытты өмір сүруіне негіз қалайды. Бұл жүйе балалардың өміріне қажетті дағдыларды дамытады және оларды қоғамда лайықты орын алуға дайындайды.

Енді біздің семинарымызды дәстүрлі қазақ ойындарымен қызықты әрі мазмұнды түрде жалғастырайық. Барлығыңыздың белсенді қатысуларыңызды күтеміз. Осы орайда, ойындарымызды бастайық.

1. Асық ату
2. Тақия тастамақ
3. Ханталапай
4. Сақина салу

Бұл ойындар әрқайсымызға ұлттық мұраға жақындап, бір-бірімізбен жақсы уақыт өткізуді қамтамасыз етеді. Жиналған баршаңызға сәттілік!

III. Қорытынды.

Кері байланыс. Ойын.

Бізге арнайы кілем бар. Оның үстінде қазақтың ұлттық оюлары салынған. Әр қатысушы кезекпен кубикті лақтырады. Кубиктің әрбір жағында түрлі қазақ

оюларының суреттері бар. Кубикте қандай ою түссе, сол оюды кілемнің үстінде табу қажет. Қатысушы сол оюға басып, кілемде бір жақтан екінші жаққа өтуі тиіс. Кілемнің екінші жағында жүлделер қойылған үлкен ою тұрады. Әр қатысушы сол оюға жеткенде, өзінің жүлдесін алады.

Құрметті қатысушылар, біздің бүгінгі семинарымыз сәтті өтті деп ойлаймыз. Бәріңізге белсенді қатысқандарыңыз және ынта-жігерлеріңіз үшін алғыс білдіреміз. Сіздермен бірге көптеген пайдалы ақпаратпен бөлісіп, қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері мен ойындары арқылы мәдениетімізге жақындадық. Осы семинардан алған білімдеріңіз бен дағдыларыңыз келер шақта қажет болады деп сенемін. Барлығыңызға табыс, шығармашылық және рухани байлық тілеймін!

**Сәулеш Алимбаева,
№49 «Ақ ниет» бөбекжайы,
Орал қаласы**

Ізденіс

Географиядан олимпиадаға дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдері



Оқушыларды география пәні бойынша олимпиадаға дайындау - білім мен білік деңгейін, жүйелі түрде саралай білудегі жүйріктік пен алғырлық, тапқырлық қасиеттері тұрғысынан өз замандастары арасында бәсекеге қабілеттілік дағдыларын шыңдау. Оқушылардың оқу - танымдық және оқу-зерттеу интеллектілерін ынталандыру; оқушылардың жеке кәсіби әлеуетін, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, олардың өз мүмкіндіктерін барынша жүзеге асыра білу; білімді де білікті, жаңашыл таным көзқарасты, дарынды оқушыларды іріктеу және қолдау; оқушылардың білім беру жүйесін жетілдіру тұрғысындағы кәсіби-шығармашылық, белсенділік қатынасын қалыптастыру. Жоғары танымдық қажеттілік баланың өз талпынысымен болады. Дарынды балалар қиын тапсырмаларды құптарлықпен оңай орындайды. Дарынды балалармен жұмыс істеуде нені ескеру керек? Балалардың пәнге қызығушылығын, білуге құштарлығын нақты анықтау. Балаға тапсырманы деңгейлеп беріп, зейінін тұрақтандыру қажет. Баланың мінезін-құлқын ерекшелігін білу. Берілген тапсырманы бірлесе талдау. Баланың бір қалыпты, жүйелі жұмыс жасауына көңіл бөлу. Бала қызығушылығына қолдау көрсету, орынды кеңес бере білудің маңызы зор.

Географиядан олимпиадаға дайындаудың ең тиімді әдіс-тәсілдерінің бірі пән мұғалімдері арасында өзара тәжірибе алмасу деп ойлаймын. «BioGeoChem» озат тәжірибе алмасу мектебінде оқыған кезде ДБМ «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» МЛ-нің география пәні мұғалімдері Айсауле Сидарова «Олимпиада тапсырмаларын талдау» мен Айнагул Саркееваның «Қабілеттері айқындалмаған потенциалды балаларды олимпиадаға дайындау жолдары» атты тақырыптарының маңыздылығы өте жоғары болды. М. Өтемісов атындағы БҚУ жаратылыстану-география факультетінің аға оқытушысы, п.ғ. магистрі Дінмұхамед Искалиев «Картографиялық есептер» арқылы көп мағлұматтар берді. С. Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-лицейінің мұғалімі Уй-симбаева Шұғыла мен «Қажым Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп- гимназиясы» мұғалімі Жасұлан Рамазанов да олимпиадаға дайындаудағы өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Қорыта келген кезде, жалпы дарынды баланы анықтау және қолдау алдындағы оқытушы мен психологтың шеберлігін қажет етеді. Бүгінгі таңдағы зерделі де зейінді дара тұлғаның бойындағы жеке қасиеттерді дамыту үшін бағдарламалар мен әр түрлі іс-шаралар жетерлік. Дегенмен, бұған біз, ұстаздар қауымы, әлі де болса өз үлесімізді қосуымыз қажет деп санаймын.

**Амангүл Ержанова,
«BioGeoChem» озат тәжірибе
алмасу мектебінің тыңдаушысы,
Абай мектеп-гимназия-интернаты,
Бәйтерек ауданы**



*** Тәжірибе ***

Балалар кітапханасы жобасы: белсенді оқу, тиімді тәжірибе



екен ғой,-деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе ғибрат алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,-деді.

(Б.Алтынсарин).

Талқылау сұрақтары:

Неліктен әкесі жас баланы ағашқа теңеді? Мысал әңгімеден қандай ғибрат алуға болады?

2- топ. Топтың әр мүшесі шығарма мәтінін дауыстап оқиды. Оқыған уақытта әркім өз мәтініне мән беріп, өзгелерді тыңдамауға тырысу керек.

«Атымтай Жомарт» әңгімесі

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді: – Жомарт, құдай бергей дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – түй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не?– деп.

Жомарт айтты дейді: – Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайғаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

(Б.Алтынсарин).

Тапсырма. Оқыған шығарманы жарнамалаңыз.

Шығарма авторы, тақырыбы;

Идеясы

Тәрбиелік мәні

Аудиториясы

3-топ. Шығарманы оқып, үзінді жаттайды. (Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту)

Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» өлең жолдары оқылады

Тапсырма.

Қарамен жазылған үзіндіні жатқа айтыңыз.

Мысал өлең мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айтыңыз.

Қорытынды: Кітап оқу – бұл адамды тек біліммен ғана емес, жан-жақты дамытатын ерекше құрал. Ол адамның шығармашылық ойлауын, эмоциялық интеллектісін және рухани әлемін байытады. Кітап оқу адамның адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Құрметті әріптестер, кітап оқыту арқылы өзін-өзі дамытуға дайын, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, жан-жақты тұлға қалыптастыруға үлесімізді қосайық дегім келеді.

**Мақпал Мендешова,
М.Мәметова атындағы №27 мектеп-лицей,
Орал қаласы**



